

«Қиял – ғажайып әлемі» бөлімі

«Тәтті түс» әңгімесі

Аспан. Түн қараңғы. Мен алтын құйрықты қанатты тұлпарға мініп, екі қарындасымды іздеп ғарыш кеңістігінде самғап келемін. Алдымнан кездескен небір мықтыларға қарсы тұруға сенімім мол. Алыстан жылтырап әдемі жарық жұлдыз көрінгені сол – ақ тұлпарым қанатын жайған бойда көзді ашып –жұмғанша жұлдыздың қасынан табылдым. Бұл сиқырлы жұлдыз екенін білген бойда мен оған қарындастарымды іздеп, жүргенімді жеткіздім. Ол: «ай десе аузы бар, күн десе көзі бар» екі арудың қасынан өтіп кеткеніне біраз уақыт болып қалғанын айтып, бізбен бірге ұзақ сапарға аттанды. Алтын құйрықты қанатты тұлпарыма мініп алып, табиғаттың ішкі сырын тамашалай жүріп, «қарындастарымды іздеп табамын» деген арман мақсатымның орындалуын іштей тіледім. Айналамызға таңданудан жалықпай құстай ұшып келе жатқанымызда қасымдағы жарық жұлдыз алыстан ұйқыдағы аруды байқап қалды. Бірден соған қарай бет алдық. Ұйқыдағы ару екі қарындасымның өзінің қарауында екенін, бірақ оларды оңайлықпен бере қоймайтынын айтып бізді үлкен уайымға салды. Бізге өзін: «Ұйқыдағы арумын, жамандықтың досымын, жақсылықтың қасымын» деп таныстырды. Сол кезде жарық жұлдыз: «біз мықтымыз ақылмен көркі қонған, жақсылыққа әрдайым серік болған. Қиналған жандарға көмекке дайынбыз, ешқашан жамандыққа жоламаймыз» деп қарсы шықты. Менің аузыма сөз келмей аңырап тұрып қалдым. Бір кезде жарық жұлдыз ұйқыдағы арудың дәл көзіне жап – жарық сәулесін түсірді, көзін аша алмай қараңғыға әбден үйренген ол кешікпей қалың ұйқыға кетті. Айналада өлі тыныштық орнады. Сол - ақ екен жарық жұлдыз әп – сәтте жоғалып кетті де, артынша ай мен күндей қос қарындасымды жетелеп әкеліп қолыма табыстады. Бұл қуанышты сәтті сөзбен жеткізу мүмкін болмады... Зұлымдықтың бәрін жеңетін сиқырлы күштің бар екеніне көзім жетіп, жарық жұлдыз бен қанатты тұлпарыма алғысымды айтып, отыз күнойын, қырық күн тойын тойладық. Қос қарлығашымды аман – есен тапқаныма қуанғаным сонша - еңкілдеп жылаған даусымнан шошып ояндым.

Бұл түс менің қиялыма қанат бітіріп, аспан әлеміне деген асқақ арманымды орындағандай. Өмірге деген құлшынысымды арттырып, күш - жігер сыйлады. Болашақта да соңымнан ерген осы екі қарындасыма (Саягүл, Данагүл) қамқор аға болу менің басты мақсатымның бірі.

Менің отбасым – менің өмірім! Өмірді сүй!

- 1) БҚО, Тасқала ауданы, Тасқала ауылы
- 2) Қ.Сәтбаев атындағы ЖОББМ
- 3) «Шексіз шығармашылық әлем» атты қашықтан аудандық байқау,
«Қиял – ғажайып әлемі» номинация
- 4) Сисенғали Айтжан
- 5) 12 – жаста;
- 6) zhanayeva1982@bk.ru 8 705 142 89 24;
- 7) қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қ.Сәтбаев атындағы ЖОББМ

Қатысушының аты - жөні	жасы	Аудан, қала (ауыл), үй мекен – жайы, ұялы телефоны, электронды пошта	Білім беру ұйымының атауы немесе үйде оқуы	Байқаудың номинациясының, жұмыстың атауы	Жетекшінің немесе ата-анасының аты – жөні және жұмыс орны	Жетекшінің немесе ата-анасының байланыс құралдары (ұялы телефоны, электронды пошта)
Сисенғали Айтжан	12 – жаста;	БҚО, Тасқала ауданы, Тасқала ауылы	Қ.Сәтбаев атындағы ЖОББМ (үйден жеке оқыту)	«Қиял – ғажайып әлемі» номинация; «Тәтті түс» әңгімесі	Жанаева С.Г. (жетекші) Қ.Сәтбаев атындағы ЖОББМ	zhanayeva1982@bk.ru 8 705 142 89 24;